

**«Нархоз университеті» АҚ Ғылыми Кеңесінің
2019 ж. «03» қыркүйектегі
(№1 хаттама) шешімімен
«БЕКІТІЛГЕН»**



**«НАРХОЗ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ-НЫҢ
ЭТИКАЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КОДЕКСІ**

Алматы 2019 жыл

I тарау. Жалпы ережелер

1-бап.

«Нархоз университеті» АҚ-ның (әрі қарай – Университет) Этикалық мінез-құлық кодексі (мәтін бойынша әрі қарай – Ереже) Қазақстан Республикасы Атазаңының (Конституциясының) ережелері, Қазақстан Республикасының «Жемқорлыққа қарсы іс-әрекет туралы» 18.11.2015 жылғы №410-V ҚРЗ Заңы, ҚР БЖҒМ-нің жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-әрекет бойынша жоғары оқу орындарының іс-шаралар әзірлеу мен қабылдау жөніндегі әдістемелік ұсыныстары, сонымен қатар Университет Жарғысы негізінде әзірленді.

Осы Ереже Университеттің нормативтік (локалды) құжаты болып саналады.

2-бап.

Осы Ереже иеленіп отырған лауазым деңгейіне тәуелсіз түрде әрбір жұмыскер, оқытушы мен білім алушы өз еркімен қабылдайтын және қуаттайтын мінез-құлықтың этикалық пен адамгершілік нормалары мен ережелерінің жиынтығы болып есептеледі.

3-бап.

Ереженің негізгі мақсаты – мінез-құлық стандарттарын анықтау және орнықтыру, жұмыскерлер, оқытушылар мен білім алушылардың корпоративішілік өмірінің деңгейін арттыру.

4-бап.

Ереженің міндеті Университеттің басты міндетінің, яғни білім алушылар тұлғасын жан-жақты және үйлесімді дамыту негізінде жоғары білікті мамандар дайындаудың шешімін табуға жәрдемдесу болып табылады.

5-бап.

Университетке жұмысқа тұрған немесе оқуға түскен әрбір жұмыскер, оқытушы мен білім алушы осы Ереженің мәтінімен танысады, өзінің кәсіби қызметі мен оқуы шеңберінде олардың міндетті сипатын мойындайды.

II тарау. Этикалық ұйғарымдар

6-бап.

Жұмыскерлер мен оқытушылар егер бұл олардың лауазымдық міндеттемелеріне енбейтін болса, онда мемлекеттік органдар мен олардың басшыларының қызметіне қатысты жұрт алдында сөз сөйлеу, пікір айту мен баға беруден тартынуы керек.

7-бап.

Жұмыскерлер мен оқытушылар әдептілік пен зиялылықтың, өнеге мен адамгершіліктің үлгісі болуы, кәсіби және ғылыми этика нормаларын ұстануы, Университеттің репутациясы мен абыройына зиян келтіретін даулы (конфликтілік) жағдайлар тудырмауы тиіс.

8-бап.

Білім алушы Университетте оқудың тәртібін реттейтін құжаттарды білуге, Университеттің имиджі мен беделіне дақ түсірмеуге, оның мүдделерін қорғауға міндетті.

9-бап.

Университеттің жұмыскерлері, оқытушылары мен білім алушылары діни сенімі, тілі, саяси және өзге де көзқарастары, этникалық немесе әлеуметтік статусы, денсаулық жағдайы, туған жері және т.б. бойынша кез келген кемсітушілікке төзімсіздік танытады.

10-бап.

Университеттің жұмыскерлері, оқытушылары мен білім алушылары Қазақстан мемлекеттілігінің белсенді насихатшылары болуы, Конституцияны құрмет тұтуы, заңдарды сақтауы, ұлтаралық келісімнің нығайуына жәрдемдесуі, мемлекеттік және басқа да тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрлері мен әдет-салттарына құрметпен қарауы қажет.

11-бап.

Жұмыскерлер, оқытушылар мен білім алушылар тек жұмыскерлер мен оқытушылар ғана емес, сонымен қатар білім алушылар тарапынан да жемқорлықтың кез келген түрінің көрініс табуына қарсы тұруға және оның алдын алу бойынша шаралар қабылдауға міндетті.

12-бап.

Жұмыскерлер мен оқытушыларға білім алушылар мен олардың өкілдерінен материалдық және материалдық емес сипаттағы кез келген сыйлық (гүл, қораптағы конфеттер, торттар және басқалары) алуға тыйым салынады.

13-бап.

Білім алушылар мен олардың өкілдеріне жұмыскерлер мен оқытушыларға материалдық және материалдық емес сипаттағы кез келген сыйлық (гүл, қораптағы конфеттер, торттар және басқалары) сыйлауға тыйым салынады.

14-бап.

Жұмыскерлер, оқытушылар мен білім алушылар «Нархоз университетінің» Академиялық адалдық Саясатын сақтауға міндетті.

15-бап.

Білім алушылар этикеттің көпшілік мақұлдаған нормаларын сақтауы, сынды дұрыс қабылдауы, оқудағы жоғары тәртіптілікті орындаушылық және бастамашылық қасиеттермен үйлестіруге тырысуы тиіс. Олар Университеттің репутациясы мен имиджіне зиян келтіретін даулы (конфликтілік) жағдайлар тудырмауы қажет.

Білім алушылар өз білімдерін үнемі кеңейтуі және тереңдетуі керек, ал оқу үдерісін өз өмірінің ажырамас бір бөлігі ретінде қабылдағаны жөн.

16-бап.

Университеттің жұмыскерлері, оқытушылары мен білім алушыларына Университет қабырғасында саяси немесе діни насихат жүргізуге тыйым салынады.

III тарау. Конфликтілік жағдайлар мен даулы мәселелердің шешімін табу

17-бап.

Жұмыскерлер, оқытушылар мен білім алушылар Университетте іскерлік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруы және қолдауы, қолайлы моралдық-психологиялық атмосфера құруы, конфликтілік жағдайдың шешімін табуда сыпайылық танытуы тиіс.

18-бап.

Конфликтілік жағдай туындаған кезде жұмыскерлер, оқытушылар мен білім алушылар өз құрылымдық бөлімшелерінде оларды шешу жолдарын табуы керек, ал қанағаттанбаған жағдайда мәселені қарастыру және конфликтінің шешімін табу үшін Университеттің тиісті әкімшілік және қоғамдық ұйымдарына жүгіне алады.

IV тарау. Жауапкершілік

19-бап.

Осы Ереженің нормаларын бұзған жағдайда жұмыскерлер, оқытушылар мен білім алушыларға Университетте Қазақстан Республикасының заңнамасына және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес білім алушыларды оқудан, ал жұмыскерлер мен оқытушыларды жұмыстан шығару сияқты шараларға дейінгі жазалар қолданылады.

20-бап.

Университеттің жұмыскерлері мен оқытушылары осы Ереженің нормаларын сақтаған жағдайда, ол аттестаттау кезінде, сайланбалы лауазымға тағайындалғанда, жоғары тұрған лауазымға ұсынуға арналған кадрлық резервті қалыптастырғанда, сонымен қатар тәртіптік жазаға тартылғанда ескеріледі.

V тарау. Қорытынды ережелер

21-бап.

Кодекс Университет Ғылыми Кеңесінің мәжілісінде бекітіледі. Кодекске өзгерістер мен толықтырулар оларды Университеттің Ғылыми Кеңесі бекіткеннен соң енгізіледі.